

# Олжас Омарұлы Сүлейменов



# 1. Өмірбаяны

- *Олжас Омарұлы Сүлейменов (1936) — орыс тілді қазақ ақыны, тілтанушы, саясаткер, ядролық қару-жарақтарды жаппай қолдануға қарсы тұрушы, Төтенше және Өкілетті Елші.*





1936 жылы мамырдың 18 Алматыда дүниеге келген. 1959 ж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Геология факультетін, кейін А. М. Горький атындағы Әдебиет институтын бітіреді. 1962—1971 жж. Қазақстанская Правда ұнжариясының әдеби қызметкері, Қазақфилм киностудиясы сценарлық-редакциялық алқасының бас редакторы, «Простор» журналының бөлім меңгерушісі болып жұмыстар атқарады.

1983-1991 жылдары Қазақстан жазушылары Одағы басқармасының бірінші хатшысы, Қаз КСР-і Жоғары кеңесінің X, XI шақыртылымдарының депутаты, КСРО Халық депутаты болған. 1990 жылы ядролық апатқа қарсы «Семей-Невада» қозғалысын құрып, Семей полигонының жабылуына зор үлес қосты.



## 2. Танымыл ақын;

Поэзия жайлы сөз қозғау қашан да қиын. Бұл әнші құстың дауысын оның қауырсынды денесінен бөліп қараумен тең болар еді. Дегенмен де айтуға болады, егер Бұл қажеттілік жүректен туған болса... Егер Бұл жағдайда өнегелік Ұстанымдары, оның ең бастылары — адамгершілік, адалдық, борыш ұғымдары басшылыққа алынса... Дәл осы жерде Заратуштра заманынан бері айтылып келе жатқан көне даналықты қалай еске алмасқа: «Ізгі сөз — ізгі ой — ізгі әрекет». Осы қасиетті өсиет бізге есімдері мен құнды мұралары келіп жеткен менің даңқты бабаларым Ұстанған ақиқаттың басты постулаттарының бірі болған.







ралы жазылған дүниелер  
солардың бәрінің басын  
нақтаса, бірнеше томдық  
болары сөзсіз. Оның  
лығы туралы тек өзінің  
да ғана емес, сонымен  
алыс елдерде де көп  
жазылды.

### 3. Ақын мен өлең;

- Олжас Сүлейменов — табиғатынан рухани бұғауланбаған адам. Еркіндік — үнемі оның шығармашылық және қоғамдық қызметіндегі негізгі ұстаным болып табылады. Олжас поэзиясының басты арқауы-дала тағдыры. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы "Арғымақтар" 1961 жылы жарық көреді. 1961 жылы Олжас Сүлейменов есімі әлемге тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин есімімен бірге тарады. Сол жылы оның «Адамға табын, жер енді!» поэмасы жарық көрді. Поэма көптеген шет тілдеріне аударылып, жеке кітап болып бірнеше рет басылып шықты.
- *Суретшінің шаруасы не далада.*
- *Дімкәс талант — далада емес —*
- *Молада.*
- *Еркіндіктің екінші аты — сол дала,*
- *Сол даланы жүр өлеңге бала да,---*  
*деп жырлайды.*





## 4. Зерттеулері;

- Олжас Сүлейменов тілтанушы ретінде көбінекей көне түркі тілін зерттеді, әсіресе шумерлер және шумер тілі туралы зерттеулері батыс ғалымдарының көне тіл үнді-еуропа тілдерінен бастау алады дейтін қасаң теориясына пәрменді соққы берді. Бірнеше кітап аударған кісі. Атап айтқанда:
- 1975 ж. жарық көрген «Аз и Я» кітабы түркі және славян халықтарының ежелгі жазба ескерткіштеріне арналған.
- «1001 сөз» жазу мен таңбаның тарихы туралы шығарма,
- 1998 ж. жарық көрген «Жазу тілі» кітабы тарихқа дейінгі мәдениетке көзқарас, мұнда автор шығандай шырқап сонау майя тілі мен қытай тілі арасындағы байланысты зерттейді және тағы басқа кітаптар.





## 5. Ақындығы;

- «Біз жаңаша өлең жазуды Олжастан үйрендік» дейді — Сергей Марков, бұл болса Олжас өлеңдерінің тынысы өзгешелігін әйгілегендей. 1961 жылғы тырнақ алды жинағы «Арғымақтар» кітабынан бері ол жиырма шақты жыр жинағына аутор болды. «Халықтың тарихы айналып келгенде ақынның үлесіне тиеді» — дейді
- А. С. Пушкин
- Олжас Сүлейменовтың сценарийі бойынша келесі фильмдер «[Земля отцов](#)» (1966), «[Синий маршрут](#)» (1968), «Красная полынь» («Махамбет») о казахском поэте XIX века [Махамбете Утемисове](#) и «Ах, как интересно было в Петербурге» (о хане Жангире) түсірілген.



## 6. Жыр жинақтары;

● «Арғымақтар», Қазақтың мемлекеттік көркем әдеби баспасы, Алматы, 1961 ж.; \* «Олжас Сүлейменов жинағы», Жазушы, Алматы, 1967 ж.;

● \* «Қыш кітап», Жазушы, Алматы, 1969 ж.; \* «Атамекен», Жазушы, Алматы, 1

● 972 ж.;

● \* «Каждый день — утро», Правда, Москва, 1973 ж.;

● \* «Повторяя в полдень», Жазушы, Алматы, 1973 ж.; \*

● «Круглая звезда», Художественная литература, Москва, 1975 ж.;

● \* «Берега. Определение», Жазушы, Алматы, 1976 ж.;

● \* «Olzsasz Sulejmen versei» (мажар тілінде), Еуропа кёнивкадо, Будапешт, 1976 ж.;

● \* «Тұңғыш космонавт», Жалын, Алматы, 1979 ж.;

● \* «Sakalai virs smevlus» (литван тілінде), Бага, Вильнюс, 1980 ж.;





## 7. Шығармалары;

- \* Нұрлы түндер, А., 1962;
- \* Қылықты түн, А., 1963;
- \* Мешін жылы, А., 1967;
- \* Таңдамалы лирика, М., 1968;
- \* Ақ дария аспанында, Таш., 1970;
- \* Атамекен, А., 1972;
- \* Қалаулы қайырма, А., 1973;
- \* Жұмыр жұлдыз, М., 1975;
- \* Көңіл көкжиегі, А., 1976, 1980;
- \* Определение берега, А., 1979;
- \* Асқардан асу, А., 1987;
- \* От января до апреля, А., 1989;
- \* Тюрки в доистории, А., 2002.

## 8. Марапаттары;

- \* Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы, 1964 ж.;
- \* Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығы, 1967 ж.;
- \* Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығы, 1972 ж.;
- \* Қазақстанның Халық жазушысы атағы, 1992 ж.;
- \* Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығы, 2000 ж.

